Ақыл Есет Досалының бұл өлеңдер жинағынан Отанға, елге, жерге деген махаббат, адамдарға ізгі құрмет айқын сезіледі. Ол табиғат тақырыбын да тамаша аша білген. Осы кезге дейін ақынның «Шындық», «Шөбере», «Көркем мінезді Күлбала ана», «Жастар басылымына он жыл» атты жыр жинақтары және әңгімелер жинағы, публицистикалық кітаптары жарық көрген.




ISBN: 978-601-7694-01-2

# «ҚОЛҚАНАТ»

**Марат ҚҰЛИБАЙҰЛЫ**

Марат Құлибайұлы- бұған дейін оқырманға «Мейірім» және «Апамның аялы алақаны» атты шағын жинақтармен таныс қаламгер. Оның «Қолқанат» деп ат қойып, айдар таққан бұл кітабына алдыңғы екі жинағындағы бір қатар шығармаларымен қоса әр жылдарда және кейінгі кездері жазылған әңгімелері еніп отыр. Кітаптың тілі жатық, шығармадағы оқиғалар қызықты. Кітап балалар мен көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-81041-6-9

# «ОБНАЖЕНИЕ ДУШИ»

**Людмила МЕЛЬНИК**

Сборник «Обнажение души»- это, по сути, обнажение внутреннего мира жамбылской поэтессы и журналистки Людмилы Мельник. Ее стихи, глубоко личностные, лиричные и образные, находят отклик у любителей поэзии. Сегодня вы можете оценить не только еще раз поэзию, но и прозу автора.




ISBN: 978-601-7694-14-2

# «АҚҚЫЗ»

**Нұржан ӘЛІШ**

Ақын Нұржан Әліштің алғашқы тырнақалды туындысы. Бұл кітапта автордың махаббат лирикасына, туған жер, анаға арналған өлеңдері жинақталған. Ақын бала кездегі, бүгінгі шақтағы басынан кешкен тағдырын өлеңмен өрнектеген. Туындының «Аққыз» деп аталуының сыры-бұл автордың анасының шын есімі. Құрметті оқырман, тұңғыш туындының тұтқасын бірге ұстайық.




ISBN: 978-601-7694-11-1

# «СҮЙШІ»

**Жұлдыз БЕЙСЕК**

«Жұлдыз Бейсектің сезімтал жырларын сағыныш сәулелері деуге болатын сияқты», - деп ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Күләш Ахметова жазғандай, ақынның үшінші жыр жинағынан саф сағыныштың сәулелі сәттерін сезінетініңіз сөзсіз. Кітап өлең сүйген жүректерге арналған.




ISBN: 978-601-7694-03-6

# «НҰР-ҒҰМЫР»

**Жанатбек ТҰРҒЫНБАЕВ**

Жанатбек Әшімұлының «Нұр- Ғұмыр» жинағында өмірге сүйіспеншілік, тіршілікке құрмет, адамзатқа тән туыстық ізет, махаббат пен ғұмыр белестерін бағалау сынды ой-толғаныстар, пәлсапалық пайымдар жыр шумақтары арқылы баяндалады. Аталмыш жыр жинағы жалпы жыр сүйер оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-81041-5-2

# «БЕКЗАТ»

## ТАБИҒАТ АБАИЛДАЕВ

Ақын Табиғат Абаилдаевтың бұл жинағына әр жылдары жазылған өлеңдері топтастырылған. Кітапта Сидней Олимпиадасының чемпионы, боксшы Бекзат Саттархановтың рухына арналған топтама және махаббат лирикасындағы өлеңдері берілiп отыр.




ISBN: 978-601-7694-08-1

# «ЕКЕУМІЗДІ САҒЫНДЫҚ»

**Данияр ӘЛІМҚҰЛ**

Бұл жинаққа ақынның бірқатар тырнақ алды туындылары мен кейінгі жылдар бедерінде жазылған өлеңдері еніп отыр.
Данияр Әлімқұл-махаббат сезімін маздатқан лирикалық өлеңдерімен ойлы оқырманның жүрегін баурайды. Пәлсапалық пайым мен лирикалық лебізін шымыр шумақтарға өре біледі. Ақынның бұл кітабы поэзия сүйетін оқырмандарды терең мұң мен тебіреністі сағынышқа жетелейтіні сөзсіз.




ISBN: 978-601-81041-9-0

# «СЕН ЖОҚ ЖЕРДЕ ТӘҢІР ЖОҚ»

**Қадірәлі НҰРЖАН**

Бұл Нұржан Қадірәлінің авторлық екінші жыр жинағы. Осы өлеңдер топтамасында ақынның жастық жалыннан өртенген сезімдер симфониясын, мұң тілінде сөйлеген мезгіл-мезеттерін, қоғамдағы кереғар көріністерге жан-дүниесінің қарсылығын, ел мен жерге деген перзенттік махаббатын, бабаларға сағынышын, болашаққа сенімін аңғаруға болады.Кітап оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-7694-10-4

# «ҚҰС КӨЗІНДЕГІ САҒЫНЫШ»

**Қуаныш АУҒАНБАЕВ**

Сырлы ой мен әсем сезімді, көңіл күй ауандарын көркем тілмен кестелеген бұл кітап- Қуаныш Ауғанбаевтың екінші жыр жинағы. Шынайы өмірдің сырлы суретін қарымды қаламымен бейнелеген ақын туындыларының көркемдігі жоғары. Қаламгердің поэзиялық терең толғаныстары оқырман жүрегіне жол табары сөзсіз. Жинақ көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-81041-8-3

# «ҚАРАШАДА ҚАРА ӨЛЕҢ»

**Нарбатыр ҚАСҚЫРБАЙ**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нарбатыр Қасқырбайдың бұған дейін әр жылдары «Көшеді күндер», «Арай-мұң», «Құс үні» атты өлеңдер жинағы көпшіліктің қолына тиген болатын. Ақын бұл «Қарашада қара өлең»- деп аталатын жаңа жыр кітабында отан, туған ел, жастық шақ және өмірдің әр кезеңдеріндегі көңіл күйді өлеңге арқау еткен. Кітап көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-7694-13-5

# «СЕН БЕРГЕН ГҮЛ»

**Ғайни ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ**

Ғайни Әлімбекқызының өлеңдер жинағына енген сезімге толы сыршыл да ойшыл жырларында өткенге деген сағыныш, бүгінгі күнге алғыс, келер күнге деген үміт бар. "Сен берген гүл" жинағының әр күлтесіндегі жүрегінің үзік сыры, өмір мұңы ойлы оқырманын бейтарап қалдырмайды.




ISBN: 978-601-7694-00-5

# «ПЯТОЙ УГОЛ»

## Лариса ГУБАШЕВА

Сборник стихотворений «Пятый угол» Таразской поэтессы Ларисы Губашевой- это книга о любви к родному городу, любви к своему краю с его красотами и щедротами, любви к землякам, любви к тому богатому внутреннему миру, содержанием которого автор щедро делится с читателем.




ISBN: 978-601-7694-15-9

# «ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРШЫЛЫҚ ЖАНДЫ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ИМПРОВИЗАЦИЯ»

**Берік ЖҮСІПОВ**

Фольклортанушы ғалым Берік Жүсіповтың монографиясында қазақ эпостану ғылымы кенже зерттеген күрделі сала-эпик жыршы жанды орындау сәтінде пайда болатын туындатпа және шығармашылық егіз қосарланудың импровизация жасап, вариациялау барысында мәтін мен музыкада көрініс табу үдерісі, оның толайым эпикалық шығармашылыққа әсер ету мәселесінің тарихи, теориялық, техникалық, тәжірибелік ерекшеліктері эпикалық жыршылық құбылыс сақталған халықтардың дәстүрімен салыстыра, салғастыра зерделенген.




ISBN: 978-601-80941-3-2

# «СЫНОВЬЯ ВЕЛИКОГО ВОЛКА»

**Бахытжан МОМЫШУЛЫ**

Роман " Сыновья Великого Волка" видится не мемуарным повествованием, а попыткой проникнуть за пределы внешних покровов памяти, заглянуть в более глубокие пласты внутреннего мира описываемых достойных людей, которые взрастили себя, опираясь на многовековую народную мудрость, в обрели преимущество неисчерпаемости. Путь к ним вел не через бытовые воспоминания, а через бытийную память, содержащую уроки просветленности отцов и неоплатность сыновнего долга. Время потребовало нового взгляда на тех, кто остался в исторической памяти народа, и это повеление высших сил должно быть посильно выполнено.




ISBN: 978-601-06-8223-8

# «ҒАЗАЛ-ҒҰМЫР»

**Қуат ҚАЙРАНБАЕВ**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Қуат Қайранбаевтың есімі жыр сүйер қауымға етене таныс. Қолдарыңызға тиіп отырған «Ғазал-Ғұмыр» деп аталатын жаңа жыр жинағына негізінен ақынның кейінгі жылдары жазылған шығармалары еніп отыр.




ISBN: 978-601-06-8218-4

# «ӘКЕЛЕРІМІЗ АЙТАТЫН ӘҢГІМЕ»

**Ырысбек ДӘБЕЙ**

Кітапқа жазушы Ырысбек Дәбейдің қазақы өмірден ойыпалған бір шоғыр эсселері еніп отыр. Әріден жеткен, ақсақалдардың аузынан баяндалған этнографиялық дүниелер шым-шымдап сыпайы шертіліп, қазаққа жақын жазу үлгісімен оқырманға жол тартқан. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8212-2

# «ЭКСПЕДИЦИЯДАН КЕЙІНГІ ӨМІР»

**Қасымхан БЕГМАНОВ**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Қасымхан Бегмановтың «Экспедициядан кейінгі өмір» деп аталатын бұл еңбегі қайраткер Мұстафа Шоқай басып өткен сегіз мемлекетті қамтыған. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен доктаранттарға және М.Шоқайдың өміріне қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналады.




ISBN: 978-601-06-8209-2

# «АҒАШ АДАМ»

**Мақсат МӘЛІК**

Бұған дейін әдебиет әлеміне өзінше өрнек салып, тың сүрлеумен келген жазушы Мақсат Мәліктің осы «Ағаш адам» шығармасы да таңдай қақтырмай қоймайды. Алуан тағдырлы адам бейнесінің өзін тәрбиелеу жолындағы әрекеттері әсер бермей қоймайды.




ISBN: 978-601-06-8207-8

# «ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ»

**Ержан АЛАШТУҒАН**

Алаштың ақылманы, біртуар ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына **150** жыл толуына орайдайындалған осынау ұжымдық жинаққа кейінгі жылдары мерзімдік баспасөз беттерінде және ғаламторда жарияланған танымдық мақалалар, тұшымды толғамдар, сан алуан сұхбаттар, ғылыми зерттеулер мен мерей той қарсаңындағы іс-шаралар жайлы шолулар, арда ақынның өз туындыларының бір бөлігі топтастырылды.




ISBN: 978-601-80941-8-7

# «ҚҰЛАҒЫМДА ТҰЯҚТЫҢ ДҮБІРІ»

Ерзат АСЫЛ

Қадірлі оқырман, бұл жинаққа ақынның өзгені жақсы көру, мейірім мен шапағат, баба рухы мен туған топырағына тағзым еткен ізгі қасиеттер арқау болған. Кітап қалың оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8146-0

# «АНА ЖҮРЕГІНДЕГІ ӨМІР»

**Еркежан БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ**

Жинаққа талантты ақын Еркежан Бейсенбекқызының әр жылдары жазған сыршыл да, сазды жырлары енген. Үш бөлімнен тұратын «Ана жүрегіндегі өмір» жинағында автордың соңғы жылдары жазған махаббат, сағыныш, адамдық асыл сезімдер турасындағы жаңа өлең- жырларына қоса, бұған дейін жарық көрген «Көктем қыздың ерніндегі күбірлер» атты жинағынан да бір қатар шығармалары кіріп отыр. Жинақ көпшілік оқырман қауымға арналады.




ISBN: 978-601-06-8040-1

# «ОЛ ҚҰСТЫҢ АТЫ-ЕРКІНДІК»

**Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН**

Бұл жинаққа ақынның жаңа жырлары топтастырылған, ой, сезім, өмірге ынтызарлық та осы кітаптағы жырлардың басты арқауы. Кітап жалпы оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-06-8037-1

# «МАРҚАЖҮРЕК»

## ӘРІ БИ-БЕК ӨР АЛТАЙ

Автордың Алтайға махаббаты, Алтай қызына жазылған өлеңдері, жалпы жүрегінен өткізген ең асыл сезімдері баян болады. Жинаққа енген жырлар ақынның **14-26** жасаралығында жазылған. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8092-0

# «АЙ ШАПАҒЫ»

**Алтыншапақ ХАУТАЙ**

Ақын қыздың бұл жинағына соңғы жылдарда жазылған өлеңдері еніп отыр. Қазақ поэзиясына өзіндік үнімен келген ақынның жырлары ерекше нәзік сезімге, тосын да соны ойларға, жаңашыл ізденіске толы. Оқырманын бірде мұңайтса, бірде сүйіндіреді. Жинақ жырсүйер оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8148-4

# «ХҰСНИХАТ»

**Бауыржан ӘЛІҚОЖА**

Өлең өлкесінде өзіндік өрнегі бар талантты ақын Бауыржан Әліқожаның бұл жинағына түрлі тақырыптағы өлеңдері еніп отыр. Мұнда байтақ Отанға, туған жерге деген іңкәр көңілі, жүрек үні сезіледі. Әрі қолдарыңыздағы "Хұснихат"- табиғатпен көңіл- күй үндестігінің көрінісі іспеттес. Ал, мәңгілік махаббат тақырыбындағы жырлары жан тербейді. Нәзік тебіреніске толы ішкі иірімі терең шығармаларында тосын сый ойлар, тың образдар ұлттық реңктермен өрнектелген.
Кітап жыр сүйер қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8143-9

# «ЖЕЛГЕ ҰШҚАН ТҮСТЕР»

**Абзал СҮЛЕЙМЕН**

Қазіргі қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасымен, өз өлең өрнегімен танылып үлгерген ақынның бұл жинағына өлеңдер мен әр жылдары тәржімаланған көркем аудармалар, әдеби зерттеу мақалалары еніп отыр. Көркем аудармалар қатарында қазақ оқырмандары үшін жаңалық болуы тиіс қаламгер, "дәуір бөлгіш" ақын Т. С. Элиоттың "Шөл" поэмасы да бар. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8045-6

# «АҚ ЖАУЫН»

## Ерқанат ҚУАТБЕКҰЛЫ

Бұл жинаққа Ерқанаттың лирикалық өлеңдері енді. Ұлттық ру, елдік, махаббат тақырыптары дәстүрлі өлең жолдары мен өрілген. Өмірдің әр қалтарыстарын жанымен сезініп, шынайы суреттеген ақынның туындылары көпшіліктің жүрегіне жол табады деген сенімдеміз.




ISBN: 978-601-06-8038-8

# «ҒИНАЯТ»

**Әлібек БАЙБОЛ**

Драма өнері, аударма өнері және сөз өнері секілді үш бөлімнен бас құраған бұл кітапта жазушы-драматург, аудармашы, сыншы әрі әдебиеттанушы Әлібек Байболдың бұрындары газет-журналдарда жарық көрген һәм әлі жарияланбаған пьесалары, аудармалары, сыни мақалалары, портреттік эсселері мен толғаныстары топтастырылған. «Ғинаят» әдебиетті қастерлейтін қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8094-4

# «СЕН ҮШІН...»

**Айбек БЕСТЕНҚҰЛОВ**

Бұл кітапта ақын көңіл көкжиегін, жастықтың жалынды асау бұлқынысын, табиғатпен үндестігін, махаббаттың маусымын сөз сиқырының ұшқынымен иірімін иіп лирикалық өлеңге айналдырған. Жинақ өлең сүйер жалпы оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8044-9

# «ҚҰР-МАН»

**Айдана ҚАЙСАРБЕКҚЫЗЫ**

Бұл кітапта жас ақын Айдана Қайсарбекқызының шығармашылығындағы қайсар да нәзік өлеңдері ұсынылып отыр. Ақынның ішкі ритм иірімдері мен өз қоғамындағы танымы әлемді, өмірді түсінудегі көзқарастары ерекше сипатқа ие. Кісі сезімінің тереңіне тартар өлеңдері барша оқырманға ерекше әсер сыйлары анық.




ISBN: 978-601-06-8046-3

# «КҮН ДЕ БАТАДЫ»

Арман ӘДІЛБЕК

Жаңа қазақ поэзиясында бітімі бөлек жырларымен танылып үлгерген ақынның ой, түйсік, сезім, тілдің өзара үйлесімімен қағазға түскен жырларынан осыған дейінгі ізденіс жолын, жасампаздыққа құштарлығын айғақтайтын анық аңғаруға болады. Жинаққа қаламгердің әртүрлі жылдардағы өлеңдері енген. Кітап көпшілік қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8043-2

# «БОЙТҰМАР»

**Аслан ТІЛЕГЕН**

"Бойтұмар" жырларында әсіресе мезгіл әуендері, көңіл пернелерінің үні естіледі. Дәстүр мен жаңашылдықтың синтезі байқалады. Автордың табиғаттың сан тарау құбылысынан поэзиялық картина жасауға талпыныстары менел тарихындағы тұлғалар өмірінің бір мезетін жырлай отырып, оның кесек сұлбасын көрсетуі оқырманның танымын арттырады. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.




ISBN: 978-601-06-8142-2

# «МӘҢГІЛІК ГҮЛ»

**Батырхан СӘРСЕНХАН**

Батырхан Сәрсенхан есімі **2014** жылдардан бері оқырман қауымға жақсы таныс. Жаңаша ойлау жүйесімен, өзгеше сезіне білуімен елді елең еткізген жас ақынның ізденіс аясы кең. Бұл жинаққа жаңа жырлары еніп отыр.




ISBN: 978-601-06-8149-1

# «ТІРІ СУРЕТТЕР КӨРМЕСІ»

**Думан БАҚЫТКЕЛДІ**

Қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған жазушыларымыздың еңбектері ширек ғасыр уақыт өтсе де, өз құндылығын жоғалтқан емес. Кейінгі қалам ұстаған жастардың ішінде Думанның шығармалары ерекше. Оқырманын бірден өзіне тартатын әр сөзінің мәйекті дәлдігі сиясының құнық дөп басатын шеберлігімен қоса лириканы прозада оймақтай етіп ойната білетін тұтастықпен үйлескен. Кітап әдебиетшілерге өнер саласындағы азаматтарға арналады.




ISBN: 978-601-06-8150-7

# «ҚАЛАДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ДАУЫСЫ»

**Бауыржан МАЙТАЙҰЛЫ**

Бұл жинаққа автордың өмір иірімдеріне, заманға деген өзіндік көзқарасымен бірге, жоғалған, тозған, "барса келмеске кеткен" ұлттық болмыс пен құндылығын іздеген, аңсаған сезімін, және лирикалық көңіл күйін өрнектеген өлеңдері топтастырылған. Кітап барша оқырмандарға арналады.




ISBN: 978-601-06-8091-3

# «ҮНСІЗДІК ӘУЕНІ»

**Дінислам АБИТИЛДА**

Бұл кітап ақынның ішкі ойы мен жүрек үнінің қағаз бетіне көшірілген нұсқасындай. Жас ақынның бұл жинағына махаббат, достық, өмір жайлы лирикалық өлеңдері еніп отыр. Кітап поэзияны сүйетін көпшілікке арналған.




ISBN: 978-601-06-8039-5

# «ТӨРТ МҰХИТ»

**Әлихан ЖАҚСЫЛЫҚ**

«Төрт мұхит» атты кітапта бірнеше хикаяттан тұратын прозалық шығармалар жинақталған. Әлемдегі басты мәселелер қарапайым адамның тағдырына, болмысына қалай әсер ететіндігі суреттеледі. Әр хикаяда адам жанының қалтарыс-бұлтарыстарына үңіліп, психологиялық ой толғаныстарын жасайды. Шиеленіскен оқиғалар тізбегі бірте-бірте оқырманды ақиқатқа жетелейді. Оқырманды ой қамауына ұмтылған шығармалар әдебиеттегі ерекше соқпаққа айналмақ.




ISBN: 978-601-06-8095-1

# «ТАУ ІШІНДЕГІ КӨЛЕҢКЕ»

Жақсылық МҰРАТБЕК

Мұратбек Жақсылықтың бұл жинағындағы «Тау ішіндегі көлеңке», «Қыл көпір» деген әңгімелерінде «Тұмар», «Қытайдан жеткен сәлемдеме» деген драматургиялық шығармаларында албырт жастық шақтың ақ арманы, жанды сыздатар тағдыр тауқыметінің ызғары, кіршіксіз таза махаббат пен бозбала жан дүниесінің пәк сезімі шынайы суреттеледі. Кітап жалпы оқырманға қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8089-0

# «ЖАНАШЫР»

**Жантас ЕРКІНҰЛЫ**

Кітапта автор өскен орта мен туған жерінен алған тәлім-тәрбиесін үлгі етеді. Баласын жақсы көрген ана туралы жырлайды. Сол арқылы әлемді жақсы көруді және оған жанашыр болуды дәріптейді. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8041-8

# «АДАСҚАҚ ОЙЛАРДЫҢ АСПАНЫ»

**Шерхан ТАЛАП**

Шерхан талап-қазақ әдебиетіндегі өзіндік үнімен, жаңалығымен келген, тәуелсіздіктен кейін туған талантты жастардың бірі. Ақынның алғашқы жыр жинағы жаңа дәуірдегі адасқақ сезімдер мен жоғалған армандардың һәм қартайған үміттердің жоқшысы секілді. Кітап көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-06-8085-2

# «ИНТЕРТЕКСТ»

**Тұрсынбек БАШАР**

Қазіргі қазақ әдебиетінде, оның ішінде поэзияда өзінің жаңашылдығымен һәм өзгешелігімен танылып жүрген бір шоғыр бар. Сол шоғырдың арасынан да бітімі бөлек талантты сирек жастың бірі - Тұрсынбек Башар. Ақынның модерндік өлеңдерінде ала сұрған ойлар мен үнсіз үміт, өткенді аңсау мен болашаққа алаңдау, кіршіксіз махаббатқа деген сенім мен үрейлі түстердің картинасы-бір сөзбен айтқанда кез келген адам кешетін сезімдер астасып жатыр.




ISBN: 978-601-06-8093-7

# «ҚАРАШ БАТЫР»

**Заманбек ӘБДЕШОВ**

Бұл кітапқа енгізіліп отырған қырғыздың ауыз әдебиеті нұсқалары халықтың ой-арманын, бақытты тұрмыс үшін қажымас күресін, қайғы-мұңын, қуаныш-сүйінішін, адамның жасампаз еңбегін, ақыл-парасатын, ерлік рухын, адал қарым-қатынастарын, махаббатын дәріптейді. Қырғыз ертегілері көркем бейнелеу бояуларының соңылығымен оқырманды еріксіз баурап алады. Бұл кітап негізінен жас оқырман қауым-балаларға арналған.



ISBN: 978-601-80941-1-8

# «ПОНИ»

**Қолғанат МҰРАТ**

Көптеген Республикалық драма байқауларының жүлдегері, драматург-Қолғанат Мұраттың бұл кітабына бүгінде сахнаның сәніне, көрерменнің көзайымына айналған «Пони», «Қуыршақ», «Мұғалім», «Куәгер» т.б пьесалары енген. Авторөз шығармаларында бүгінгі күннің көрінісін орамды оқиға, ұтқыр ой, салмақты сөздерге салып кең көлемде көрсеткен.




ISBN: 978-601-06-8145-3

# «СҮТ ДАРИЯ»

## Қуанәлі АЛМАСБЕКҰЛЫ

Бұл кітапқа жас қаламгердің туған жер топырағындағы және ата- жұртқа оралғаннан кейінгі өлеңдері еніп отыр. Туған жерге деген сағыныш, аңсау һәм еркін елдің аспанындағы тәуелсіз санадан өрбіген жырлар жинақталған. Көктем келгенде аспан әлеміндегі Сүт дария бойымен оралған құстардың деміндей жылы леп әрбір оқырманды бей-жайқалдырмасы анық. Кітап жалпы оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-06-8042-5

# «ТӘНСІЗ ГҮЛДЕР»

**Нұрбек Нұржан**

«Тәнсіз гүлдер»-психологиялық-философиялық роман. Адам жанының қалың қатпарларына үңіліп, кейіпкерлерінің ішкі жан-әлемі суреттеледі.
Әңгімелер фантастикалық һәм мистикалық бағытымен ерекшеленеді. Қоғамдағы әр жанға ортақ тақырыптар қозғалып, оқырманға ой салады. Ал балаларға арналған әңгімелер жас оқырмандардың қиялын шарықтатып, армандауға, оған ұмтылуға шақырады.




ISBN: 978-601-06-8088-3

# «ТОЛҚЫНҒА ҚАРСЫ»

**Қуаныш ЖАЗАЙ**

Бұл жинаққа «Толқынға қарсы» ұмтылған сыршыл да, нәзік лирикалық өлеңдері еніп отыр. Кітап барша оқырман қауымға арналады.




ISBN: 978-601-06-8090-6

# «ТОПЫРАҚ ИІСІ»

**Нұрсәуле ТОЛҚЫН**

Бұл жыр жинаққа жас қаламгердің туған ел топырағында жазылған ішкі нәзік сезімдері, туған жерге деген сағыныш хаттары мен тұңғиық сырлары тізбектелген. Сонымен қатар, ақын адам жанының терең қатпарлары мен иірімдерін, арпалыстарын өзіндік үнмен сипаттайды. Кітап барша оқырман қауымға арналады.




ISBN: 978-601-06-8087-6

# «ЖАН ЖЫЛАЙДЫ»

**Нұртас ТҰРҒАНБЕК**

Бұл кітапқа Нұртас Тұрғанбектің лирикалық өлеңдері енген. Ақын өлеңдерінде ауылдың топырағы, қаланың қым-қуыттірлігі, өмірдің өкініші мен көңілдің мың құбылған сәттері бар. Жүректен жарып шыққан мөлдір өлеңдер сіздің де жүрегіңізден орын алады деген сенімдеміз. Кітап барша оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8144-6

# «ШЕКСІЗДІК ҮНІ»

**Ретбек МАҒАЗ**

Ақынның бұл кітабына кейінгі жылдары жазған өлеңдерімен қатар алғашқы балауса жырларының таңдамалылары топтастырылған. Бірінші тарауда туған жер өскен орта жайындағы сағынышы бейнеленген балалық шақтың мөлдір моншақтары берілген. Екінші тарауда есейген ақынның адам жанының нәзік тұстарына үңіліп, жаратылыстық әлемге тереңдей бойлай түскен тұстағы жастық шақтың тұнық лирикалары жинақталған.




ISBN: 978-601-06-8086-9

# «АҚ СЕЗІМ»

**Еламан ҚАБДІЛӘШІМ**

Тәуелсіздік таңымен нұрланған, еркіндік шуағына шомылған жас буынның қаламынан туған жырлар- бүгінгі күннің бейнесі. Белгісі. Ертеңге жетер, болашаққа барар сол құндылық- сезім. Сан түрлі сезім. Ең бастысы, ақынның кешкен сезімі- ақ. Оған Алатау куә, Есентай куә. Сол сезім үлкен армандардың бастауы. Жүректі ізгілік пен мейірімге ұмтылдырған сәттер ақын жадынан өшпесі анық. Көңілге ұялаған сағыныш пен пәк махаббат ақын жанын жігерлендіре берері сөзсіз.




ISBN: 978-601-06-8147-7

# «ҚҰТ»

**Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ**

Қалмаханбет Мұқаметқалидың қаламынан туған екінші кітап. Бұған дейін жарық көрген «Гүл» лирикалық жинағы мен «Күлкі мен Түлкі» балаларға арналған кітабын оқырман жылы қабылдаған еді. Ал ақынның бұл жинағына бұған дейін баспа бетін көрген өлеңдерімен қатар жаңа туындылары жинақталды. Кітап көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-80941-2-5

# «ӘУЕСТІК ӘЛЕМІ»

**Құлтөлеу МҰҚАШ**

Бұл жинақта елдің үлкенді-кішілі тұлғаларының, белгілі ақын-жазушылар мен өнер адамдарының қол бостағы түрлі ермегі, әуестігі әңгімеленеді.




ISBN: 978-601-80941-0-1

# «ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ»

**Мұрат ШАЙМАРАН**

«Әуезов әлемі»-ұлы қаламгердің туғанына **125** жыл толуына орай дайындалған ұжымдық жинақ. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің асыл мұрасына арналған танымдық кітап- «Қазақ әдебиетінің кітапханасы» атты жаңа топтаманың тұңғыш томы.




ISBN: 978-601-80941-6-3

# «АҚЫН ЖАРЫ»

**Салтанат АЙБЕРГЕНОВА**

Бұл кітап ақын Төлеген Айбергеновтың өмірлік жары болған Үрниса Айбергенованың бастан кешкен қызығы мен қиыншылығы мол өмірі, әдеби орта, араласқан айналасы жайында. Бүгінгі бұл естелік, ертеңгі тарих. Мұндағы айтылған әңгімелер, қызықты оқиғалар, қаралы күндер қасіреті, ақынның шығармашылығының шығу тегі Үрниса Оспанқызының өз аузынан және жазып кеткен жазбаларынан алынды.




ISBN: 978-601-80941-4-9

# «ВОЛШЕБНИК»

**Оспанхан АУБАКИРОВ**

В сборник вошли рассказы казахского писателя Оспанхана Аубакирова в переводе на русский язык. Написанные в XX веке и средствами сатиры и мора отражающие человеческие слабости и пороки, они по сей день не потеряли своей актуальности.




ISBN: 978-601-80941-7-0

# «КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ. АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ»

Еркін ШҮКІМАН

Бұл жинаққа ақын, ойшыл, композитор Абай Құнанбайұлының әндері мен күйлері жинақталып, домбыра бұрауына лайықталып нотаға түсіріліп беріліп отыр. Еңбектің басты жаңалығы-өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін жинақталған ақынның музыкалық мұраларының түр-нұсқаларын салыстырылып, бұрынғы-соңғы жарық көрген жинақтар мен ғылыми еңбектердегі және мұрағаттардағы материалдар негізінде кең ғылыми түсінік берілуі.

Оқу құралы бастауыш, орта музыкалық оқу орындарының білім алушылары мен бакалавр және магистратура, докторантура дәрежесіндегі ізденушілерге арналған.




ISBN: 978-601-80941-9-4

# «ТЕМІРЕН»

**Бақыт БЕДЕЛХАН**

Бұл жинаққа ақын Бақыт Беделханның жан сөзін сөйлеп тұрып рух беретін, қан тамырмен өлең боп тарап, ұлттық таным - түсінігінді шымырлай түсетін жырлары енген. Көпшіліктің сүйікті ақынына айналған автордың өлеңдері өмір жолының айғағы.




ISBN: 978-601-06-8211-5

# «АДАМТАС»

**Ерғали БАҚАШ**

Қаламгердің «Адамтас» атты бұл кітабына әңгіме-эсселері топтастырылған. Шағын әңгімелер қоғам мен адам өміріндегі әртүрлі құбылыстарды арқау етіп, шынайы суреттеумен ерекшеленеді. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8220-7

# «ТАҢҒАЖАЙЫП ТАЛАПТАН»

Д. ӘШІМХАНҰЛЫ, Ә. ӘУЕЛБЕК, Д. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Белгілі қаламгер, жазушы - драматург Талаптан Ахметжанның шығармашылығы мен азаматтық болмысы туралы айтар әңгіме аз емес. Күні кеше арамызда жүргендей көрінетін абзал азаматымыздың бізді артына қалдырып кеткеніне де он жылдан асып кетті. Қолдарыңыздағы кітапта бірге қызмет еткен әріптестері мен қаламгерлер қауымының Талаптан Ахметжан туралы естеліктері, өлең-жырлары топтастырылған. Кітап жалпы көпшілік қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8221-4

# «РАУШАНГҮЛ»

**Гүлжан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ**

Автордың тұңғыш рет жарық көріп отырған жеке жинағына бұған дейін республикалық баспа сөзде басылып, ұжымдық жинақтарға енген әңгімелерімен қатар, сиясы кеппеген туындылары топтастырылып отыр. Шығармаларда ауыл өмірі, балалық шақтағы мөлдір махаббат, жастар арасындағы сезім және ел ішіндегі әлеуметтік көңіл- күй қырлары баяндалып суреттелді. Кітап көпшілік оқырманға арналған.




ISBN: 978-601-06-8222-1

# «БАЛА ПАТША»

**Антуан де СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИ**

Әлемге әйгілі француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюпери ұшқыш болғанын екінің бірі біле бермейді. Шығармаларының ішінде ерекше орын алатыны "Бала Патша" деген балаларға арналған ертегісі. Оның философиялық мәні бала оқыса да, дана оқыса да ойлантпай қоймайды. Көркем әдебиеттегі еркін қағидаға сүйеніп аударылған "Бала Патша" оқырманның, әсіресе, бүлдіршіндердің сүйікті кейіпкеріне айналады деген сенімдеміз.




ISBN: 978-601-06-8216-0

# «НЕ ТОЛЬКО ПРО ЛЮБОВЬ»

**Василий ШУПЕЙКИН**

В сборник повестей и рассказов Василия Шупейкина вошли произведения, написанные в годы независимости Казахстана, что и определяет их тематику: это сложное время становления страны и человеческих судеб. Повести о верности и перпетияхлюбви "Лулиша- радость моя и судьба" и "Грешница", психологическая драма "Во имя отца и сына, остросюжетные повести и рассказы "Дорогая редакция", "Яшка- бизнесмен", "Брат" и другие алматинские истории будут интересны самому широкому читателю.




ISBN: 978-601-06-8210-8

# «ҚИЯН»

**Серік Нұғыман**

Серік Нұғыманның бұл кітабына бір топ әңгімесі мен екі хикаяты енген. Кейіпкерлерінің жандүниесіне терең үңіліп, ішкі рухани бейнесін, психологиялық портретін жасаған жазушының «Ақын» атты әңгімесі өнердің басты «міндетін» ұмытып, дарынды даңққа құл қылып, оның киесіне ұрынып, өзін «жоғалтып алған» бақытсыз ақын трагедиясына арналады. Жинақ жалпы кітап сүйер оқырмандарға арналған.




ISBN: 978-601-06-8215-3

# «ҚАҢТАРДЫҢ СОҢҒЫ ШІЛДЕСІ»

**Дәурен ҚУАТ**

Әдеби газет- журналдар мен интернет басылымдарда жиі жарияланып тұратын Дәурен Қуаттың әңгімелері оқырман қауымды бейжай қалдырған емес. Әдебиет сыншылары Дәуренді: «Дәстүрлі бағытты ілгері оздырып, постмодернистік үлгіде жазатын жазушы»,- деседі. Ең бастысы, ол- әдеби ортада өзінің шеберлігін әйгілеген қаламгер. «Қаңтардың соңғы шілдесі» жинағына енген әңгімелері осы сөзімізге дәлел. Жинаққа сондай-ақ Дәурен Қуаттың қаламымен қара сөзге түсіп, оқырман қауымның ықыласына бөленген «Сейіпмәлік- Бәдіғұлжамал» хикаяты да енді.




ISBN: 978-601-06-8219-1

# «НЕПРИДУМАННЫЕ ИСТОРИИ»

**Умит ТАЖКЕН**

В книгу члена Союза писателей РК, Международного Казахского ПЕН-клуба Умит Тажкен вошли рассказы, путевые заметки, публицистика, переводы. «Вряд ли можно равнодушно листать страницы этой новой книги. Она «забирает», водит в душу с самого начала, потому что написана «о времени и о себе», и написана глубоко и остро, ярко и психологически убедительно» (В.В. Бадиков)




ISBN: 978-601-06-8213-9

# «У КРАЯ НЕБЕС»

**Станислав ЛИ**

В книгу «У края небес» Станислав Ли вошли хайку и стихотворения разных лет, обьединенные взглядом на мир, а также переводы корейски поэтов разны эпох. Автор выхватывает из окружающей действительности частности и тонким пером поэта, удожника и переводчика открывает перед читателем смысл, скрытый в ни за туманом повседневности.




ISBN: 978-601-06-8214-6

# «РАССКАЖИ МНЕ О СЕБЕ»

Любовь ШАШКОВА

Книга Любови Шашковой «Расскажи мне о себе» включает жизнеописания выдающихся деятелей культуры Казахстана, в чьих судьбах отразились трагедии и свершения XX века и слом эпох, чье творческое наследие вошло в сокровищницу национальной культуры независимого Казахстана.




ISBN: 978-601-06-8208-5

# «МЕНІҢ ҚАҺАРМАН ШӨБЕРЕМ»

**Мадина ОМАРОВА**

Бұл жинаққа жазушы- драматург Мадина Омарованың драмалық шығармалары: авторлық пьесалары, инсценировкалары мен аудармалары еніп отыр. Қазақстандағы «жаңа драма» ағымының көрнекті өкілі болып табылатын автордың қысқа және нақты жазатын өзіндік қолтаңбасы оқырмандарын шытырман оқиға тізбегіне көз ілеспес шапшаңдықпен ілестіріп әкетеді. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.




ISBN: 978-601-06-8217-7

# «МӘҢГІ ҒАШЫҚ ӨЛЕҢМІН»

**Заида ЕЛҒОНДИНОВА**

Ақын «Мәңгі ғашық өлеңмін» атты жыр кітабының әр бөлімінде махаббат, қоғам, заман, туған жер, туған ел тақырыптарын терең тебіреніспен көркем өрнектей отырып, астарлы ой айтады. Махаббат ғазалдарын сюрреалистік тың теңеулермен, сезім иірімдерін сұлу сазбен жеткізсе, пәлсапалық, рухани-танымдық өлеңдерін өр рух, өргек сезіммен астарлап қазіргі заманның құпиялы құбылыстарынасқан шеберлікпен суреттейді.




ISBN: 978-601—06-8224-5

# «TARAZ»

## Құрастырушылар тобы

Бұл жинақта сонау мыңдаған жылдардан бері қалыптасып келе жатқан, адамзаттың киелі мекеніне айналған Тараз, Талас, Қаратау, Шу, Алатау бөктерін жайлаған Түркі халықтарының терең тарихы мен мәдениетіне, әлемге қанат жайған түркінің ұлы өркениетіне қатысы бар Жамбыл облысы мен Тараз қаласының өткен тарихы мен бүгінгі мәдени дамуы, сәулеттік өркендеуі, сонымен қатар, облыстың жалпы табиғаты мен туристік нысандары баяндалады. Бүгінгі өркениеттер тоғысындағы жеткен жетістіктері мен олардың маңыздылығы туралы да кеңінен сөз болады.




ISBN 978-601-7207-58-8

# «ҚАРАХАН БАБА МЕН АЙША БИБІ»

**Сауран ҚАЛИЕВ,
Асылжан ШАЙДИЛДАЕВ**

Бұл жинаққа қасиетті Тараз өңірінің інжу-маржанына айналған Айша бибі мен оның ғашығы деп танылған Әулиеата Қарахан бабамыздың ел ішінде сақталған аңыздары және олар туралы сүбелі еңбек жазған ғалымдарымыздың ғылыми деректеріне негізделген мақалалары, сонымен
қатар, Қарахан мемлекетінің тарихы енгізіліп отыр. Қазақ даласында алғашқы болып ислам дінін мемлекеттік дін деп қабылдаған Қарахан мемлекетінің дәуірінде аса жоғары дамыған ілім мен білімнің, мәдениет пен
өркениеттің, өнер мен діннің шарықтап қанат жайған жетістіктері мен олардың ерекшеліктері туралы ғылыми зерттеулердің маңыздылығы барынша қамтылады.




ISBN 978-601-7480-32-5

# «ҰЛЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ҰЛЫ ӘУЛИЕЛЕР»

**Ақтан Сопы Құтыб**

Зәріпбай Оразбай әзірлеген «Ұлы тарих және Ұлы әулиелер» атты бұл баға жетпес еңбек Ақтан сопы Құтбтың «Біздің тарихымыз» (1730) деп аталатын шағатай қарпіндегі қолжазбасы негізінде даярланған. Онда Шыңғыс ханның (қолжазбада – Шыңғыз) ең сенімді қолбасшысының бірі Ноқта (кей деректе Бұқыршын) ноян мен оның ағасы Орақты ұрпақтарының XVIII ғасырдың басына дейінгі тарихы баяндалған. Аталған кітаптағы түркілер мен Шыңғыс ханға қатысты мәліметтер Рашид ад-дин Фазуллах Хамаданидің «Жамиғ ат-тауарих» (1316) және Шараф ад-дин Әли Йаздидің «Зафарнама» (1425) еңбектеріндегі деректерге сәйкес келеді. «Ұлы тарих және Ұлы әулие лер» көне заманнан осы күнге дейінгі ел тарихын дұрыс байыптауға жәрдемін тигізеді.

